

Қоршаған ортаның ластануы және алдын алу жолдары.



Қоршаған ортаның ластануы

адамға және табиғи экожүйеге зиянды әсер ететін физикалық-химиялық және биологиялық заттардың қоршаған ортаға нұқсан келтіруі. Табиғат құбылыстары мен заңдылықтарына қайшы келетін және оның қалыпты жағдайына нұқсан келтіретін сандық, сапалық және құрамдық өзгерістердің барлығы қоршаған ортаның ластануына алып келеді. Қоршаған ортаның ластануы кейде табиғат құбылыстары әсерінен, негізінен адам әрекетінен пайда болады.

Қоршаған ортаның ластануы

Табиғи

Табиғи ластану күшті табиғи процестер салдарынан (жанартау атқылауы, сел жүру, топа су басу, өрт, т.б.)

антропогендік

антропогендік ластану адамның шаруашылық іс-әрекетінің салдарынан қалыптасады.

антропогендік ластануға мысалдар;

- * антропогендік ластануға өндірістік, тұрмыстық қалдықтар мен әр түрлі улы заттардың қоршаған ортаға белгілі мөлшерден тыс шығарылуы. Т*
- * Табиғи нысандарды орынсыз пайдалану.*
- * Семей сына алаңында болған ядролық жарылыстар.*
- * арал өңірінің экологиялық жағдайлары т.б..*





July - September, 1989



August 12, 2003



August 16, 2009

Қоршаған ортаның ластануы түрлері:

1.Физикалық

қоршаған ортаның температуралық-энергетикалық, толқындық, радиациялық және басқа да физикалық қасиеттерінің нормадан ауытқуларынан болатын ластану.

2.Химиялық

қоршаған ортаның табиғи химиялы қасиеттерінің қарастырылып отырған уақыт кезеңі үшін қайсыбір заттектердің көпжылдық орташа ауытқуларынан асып түсетіндей болып өзгеруі немесе қоршаған ортаға әдетте онда болмайтын заттектердің түсуі немесе нормадан артық шамада түсуі.

Қоршаған орта жағдайын бақылау және мониторинг

соңғы жылдары эколог-болжаушылардың арасында ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында қоршаған ортаға байланысты қолданылған мониторинг ұғымы кең таралған. Экологиялық мониторинг - антропогендік факторлар әсерінен қоршаған орта жағдайының, биосфера компоненттерінің өзгеруін бақылау, баға беру және болжау жүйесі. Мониторинг ұғымы кең ұғымда экономикада, өнеркәсіпте, және басқа да бақылаулар жүргізілетін салаларда қолданылады. Ғылыми оқулықтарға бұл ұғым стокгольмдегі БҰҰ-ның ұйымдастыруымен (маусым, 1972 ж.) өткен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі конференциядан кейін енді.

**қазіргі таңда мониторинг ұғымы
негізгі үш түрлі жұмыстардан
тұратын қоршаған табиғи ортаны
бақылау жүйелері ретінде**

қарастырылады:

- * қоршаған ортаның жағдайын жүйелі түрде бақылау.**
- * табиғи және антропогендік факторлардың әсерінен табиғатта болуы мүмкін өзгерістерді болжау.**
- * қоршаған орта жағдайын ретке келтіру шараларын басқару.**

*Жүргізу әдістері бойынша
мониторингтің мынадай түрлері
бар:*

- * биологиялық (биоиндикаторлар көмегімен);*
- * дистанционды (авиациялық және космостық);*
- * аналитикалық (химиялық және физико-химиялық талдау).*

адам денсаулығы және қоршаған орта



адамның күнделікті тіршілігі қоршаған орта жағдайларымен тығыз байланысты. Тірі ағзаларға тән көптеген қасиеттер адам ағзасына да тән. адамның тынысалуы, тамақтануы, өсуі, дамуы табиғи орта жағдайында өтеді. сондықтан да адам тіршіліктің құрамды бір бөлігі болып есептеледі. сонымен бірге адам - өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы саналы тұлға. адамның өсуіне, дамуына және тұлға ретінде қалыптасуына әлеуметтік жағдайлардың ықпалы зор. Басқа ағзалар белгілі табиғи орта жағдайларында тіршілік етуге бейімделген.

адам барлық табиғи орта жағдайларында тіршілік ете алады. Өзіне қажетті жағдайларды саналы түрде жасап алуға қабілетті. Жер бетінде өмір сүрген ежелгі адамдар басқа ағзалар сияқты орта жағдайларына тәуелді болды. Қоғамның даму дәрежесіне сәйкес адамның табиғатқа тәуелділігі бірте-бірте бәсеңдей бастады. адам табиғи мақсатына қарай саналы түрде өзгертті.

Денсаулыққа әсер ететін жағымсыз факторлар

- * адамның денсаулығына қоршаған табиғи орта жағдайларының әсері зор. адамға дем алатын ауаның, күнделікті пайдаланатын ауыз судың, тағамның таза болуының маңызы ерекше. адамның мұқият ойланбай жасаған кейбір іс әрекеттері денсаулығына зиянды. Мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан орта жағдайларының зиянды өзгерістері адам денсаулығына кері әсер етеді. Әсіресе, бұл жағдай Қазақстанда ерекше байқалуда. Мысалы, арал теңізінің тартылуы, ядролық сынақтардың жүргізілуі және т. б. атауға болады.

Назар аударғаныңызға Рақмет!

Орындаған: Юсупова Г.а

Факультет: Медицина-профилактикалық іс

Курс: 1

Тексерген: сраж Б.Б